- 1) Қордың толық атауы – «Wardat al Nayat» интервалдық инвестициялық пай қоры;
- 2) Қордың қысқартылған атауы – «Wardat al Nayat» ИИПҚ.

4. Қорды Басқарушы компанияның толық атауы мен орналасқан жері:

- 1) Қорды Басқарушы компанияның толық ресми атауы: «BCC Invest» акционерлік қоғамы – «Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы;
- 2) Басқарушы компанияның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, А05G1D2, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Панфилов к-сі, 98;
- 3) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқарушы компанияның инвестициялық портфельді басқару қызметін жүзеге асыруға берген 10.07.2018 жылғы №3.2.235/12 лицензиясы, оған қызметтің мына түрі кіреді: ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығынсыз инвестициялық портфельді басқару қызметі.

5. Қордың Кастодианының толық атауы мен орналасқан жері, оның құқықтары мен міндеттері:

- 1) Кастодианның толық ресми атауы: «Еуразиялық банк» АҚ;
- 2) Кастодианның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қ., Қонаев к-сі, 56;
- 3) Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің банк және өзге операцияларды және бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыруға берген 03.02.2020 жылғы №1.2.68/242/40 лицензиясы;
- 4) Кастодианның құқықтары мен міндеттері Басқарушы компания мен Кастодианның арасында жасалған Кастодиан қызметін көрсету шартымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Инвестициялық және венчурлік қорлар туралы» Заңымен (бұдан әрі – Заң) реттеледі.

6. Қордың пай ұстаушыларының тізілімдері жүйесін жүргізетін тіркеушінің атауы мен орналасқан жері, оның құқықтары мен міндеттері:

- 1) Тіркеушінің толық ресми атауы: «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» акционерлік қоғамы;
- 2) Тіркеушінің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Сәтбаев к-сі, 30/8, 163-тұрғын емес үй-жай;
- 3) Тіркеуші өз қызметін ҚР ҰБ «Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 29.10.2018 жылғы қаулысына сәйкес жүзеге асырады;
- 4) Тіркеушінің құқықтары мен міндеттері Басқарушы компания мен Тіркеушінің арасында жасалған Пай ұстаушылардың тізілімдері жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті көрсету туралы шартпен реттеледі.

7. Қордың Басқарушы компаниясы мен Кастодианына аудит жүргізетін аудиторлық ұйымдардың толық атауы:

- 7.1. Басқарушы компанияға аудит жүргізетін аудиторлық ұйым туралы ақпарат (бұдан әрі — Аудитор):
  - 1) Аудитордың толық ресми атауы: «КПМГ Аудит» ЖШС;
  - 2) Аудитордың орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, А25D6T5, Алматы қ., Достық даңғылы, 180, «Көктем» бизнес-орталығы;
  - 3) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі аудиторлық қызметпен айналысуға берген 2006 жылғы 6 желтоқсандағы № 0000021 мемлекеттік лицензия.
- 7.2. Кастодианға аудит жүргізетін аудиторлық ұйым туралы ақпарат (бұдан әрі – Кастодиан Аудиторы):

- 1) Кастодиан Аудиторының толық ресми атауы: «КПМГ Аудит» ЖШС;
- 2) Кастодиан Аудиторының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, А25D6Т5, Алматы қ., Достық даңғылы, 180, «Көктем» бизнес-орталығы;
- 3) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі аудиторлық қызметпен айналысуға берген 2006 жылғы 6 желтоқсандағы № 0000021 мемлекеттік лицензия.

#### 8. Инвестициялық декларация

8.1. Инвестициялау объектілерінің тізбесі, Қор активтеріне қатысты инвестициялық қызметтің мақсаттары, стратегиясы, шарттары мен шектеулері, Қор активтерін хеджирлеу мен әртараптандыру шарттары осы Ереженің ажырамас бөлігін құрайтын Қордың инвестициялық декларациясында (осы Ереженің №1 қосымшасы) белгіленген.

8.2. Егер Басқарушы компанияның әрекеттерінен байланыссыз мән-жайлардың нәтижесінде Қор активтерінің құрылымы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және (немесе) Қордың инвестициялық декларациясына сәйкес келмесе, Басқарушы компания осындай сәйкессіздікті қиындататын қызметті дереу тоқтатады және 1 (бір) жұмыс күні ішінде сәйкессіздік фактісі мен себептері туралы Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне (бұдан әрі – уәкілетті орган) хабарлайды және оны жою бойынша іс-шаралар жоспарын қоса береді. Басқарушы компания уәкілетті орган келіскен іс-шаралар жоспарында белгіленген мерзімде не осы іс-шаралар жоспарын қарастыру нәтижесі бойынша уәкілетті орган белгілеген мерзімде Қор активтерінің құрылымын Қазақстан Республикасы заңнамасының және (немесе) инвестициялық декларацияның талаптарына сәйкестендіреді.

#### 9. Қор активтерін инвестициялық декларацияның талаптарына сәйкестендіру тәртібі мен мерзімдері

9.1. Инвестициялық декларацияға сәйкес Қор активтері бастапқы орналастыру аяқталғаннан кейін инвестицияланады. Инвестициялық декларацияға сәйкес активтерді тәртіпке келтіру мерзімі – бастапқы орналастыру аяқталғаннан кейін 3 (үш) ай. Инвестициялық декларацияға және Басқарушы компанияның ішкі құжаттарына сәйкес Басқарушы компания инвестициялық шешімдерді қабылдау және орындау арқылы активтерді инвестициялық декларацияның талаптарына сәйкестендіреді.

#### 10. Қор жұмыс істейтін мерзім

Қордың жұмыс істеу мерзімі – мерзімсіз.

#### 11. Қордың инвесторлары:

Қазақстан Республикасының резиденті мен бейрезиденті болып табылатын кез келген жеке және заңды тұлғалар Қордың инвесторлары бола алады. Қордың пайын сатып алар алдында инвесторлар осы Ережемен (оның Қосымшаларын қоса алғанда) танысуға тиіс.

Қор активтеріне жалпы меншік құқығындағы ұстаушының үлесі паймен куәландырылады. Әр пай Қорды құрайтын мүлікке жалпы меншік құқығындағы бірдей үлесті, бірдей құқықтар мен міндеттерді куәландырады.

#### 12. Қор активтерін сенімгерлік басқару шарты

Қордың инвесторы мен Басқарушы компанияның арасында Қорды сенімгерлік басқару шарты жасалады. Сенімгерлік басқару шарты қосылу шарты болып табылады, оның талаптары осы Ережеде айқындалған. Қорды сенімгерлік басқару шартының талаптарын (яғни осы Ереже) инвестор аталған Шартқа бүтіндей қосылу арқылы ғана қабылдай алады. Шарттың үлгісі осы Ереженің № 2 қосымшасында берілген. Қордың пайын сатып алу арқылы Шартқа қосылады. Пайды иеліктен шығару Шартты бұзуға әкеп соғады.

#### 13. Қордың пайына инвестиция салған кездегі инвесторлардың тәуекелінің сипаттамасы

Пай ұстаушылар Қорды құрайтын активтердің нарықтық құнының өзгеруіне байланысты шығын тәуекелін оларға тиесілі пай құнының шегінде көтереді. Тәуекел сипаттамасы Ереженің №1 қосымшасында берілген Қордың Инвестициялық декларациясында келтірілген.

#### 14. Қорды Басқарушы компанияның құқықтары мен міндеттері

Қорды Басқарушы компанияның құқықтары мен міндеттері осы Ереженің № 2 қосымшасында келтірілген Сенімгерлік басқару шартымен реттеледі.

15. Бастапқы орналастыру кезеңінде Қордың бір пайының номиналды құны

Бастапқы орналастыру кезеңінде бір пайдың номиналды құны — 1 (Бір ) АҚШ доллары.

16. Қордың пайын сатып алуға өтінімдер беру және оларды орындау шарттары мен тәртібі

16.1. Қордың пайын сатып алу шарттары:

1) Қордың пайы Басқарушы компаниядан және (немесе) оның өкілдерінен не бағалы қағаздардың қайталама нарығынан сатып алынады;

2) Қордың пайы ақшамен АҚШ долларында төленеді;

3) Басқарушы компаниядан пай сатып алған кезде оның ақысы ретінде ақша Кастодианда ашылған Қордың шотына аударылады;

4) пайды бастапқы орналастырған кезеңде Қордың пайы осы Ережеде көрсетілген бірыңғай номиналды құны бойынша орналастырылады. Пайды кейіннен орналастырған кезде бір пайдың құны Қордың таза активтерінің құнынан анықталады;

5) бастапқы орналастырудан кейін Қордың пайын орналастыру бағасы (бір пайдың есептік құны) өтінім болған кезде ақша түскен күннің алдындағы күннің соңында қалыптасқан Қордың таза активтерінің құнын Қордың шығарылатын пайының санына бөлу арқылы анықталады. Ақша түскеннен кейін өтінім түскен кезде, пайды орналастыру бағасы өтінім түскен күннің алдындағы күннің соңында қалыптасқан бағамен анықталады;

6) пайды төлеу үшін салынатын ақша сомасының ең аз көлемі 10 (Он) АҚШ долларын құрайды;

7) пайды төлеу үшін қосымша салынатын ақша сомасының ең аз көлемі кемінде 5 (Бес) АҚШ доллары болуға тиіс. Пай ұйымдастырылған нарықта сауда-саттықты ұйымдастырушының ережелеріне сәйкес сатып алынады;

8) өтінімнің болуы және ақшаның Қордың шотына аударылуы Қордың пай ұстаушыларының тізілімдерінде пайды инвестордың дербес шотына аудару шарттары болып табылады;

9) Қордың пайы құжатсыз нысанда шығарылады. Тіркеуші берген Қордың пай ұстаушыларының тізілімдерінен үзінді көшірме пай ұстаушы сатып алған пайға оның меншік құқығын растайды;

10) пайдың бағасы үтірден кейін екі таңбамен бөлшек санмен көрсетіледі. Бір ұстаушыға тиесілі пайдың саны бүтін санмен көрсетіледі.

Қордың пайын өтінім беру немесе Басқарушы компаниядан пайды қайта сатып алу арқылы сатып алған кезде пайшының шотына аударылуға тиіс Қордың пайының саны кіші мәнге қарай дөңгелектеу әдісін қолданып саналады.

Пайды сатып алғаннан кейін қалған және көлемі орналастырған күнгі жағдай бойынша бір пайдың құнынан кем шаманы құрайтын пайшының орналастырылмаған ақшалай қаражаты:

- пайшы брокерлік қызмет көрсету шартының аясында Басқарушы компанияның клиенті болған жағдайда – пайшының атынан соманы аударуға өкімші құжатты берместен, клиенттік брокерлік шотқа аударылуға тиіс;

- пайшы брокерлік қызмет көрсету шартының аясында Басқарушы компанияның клиенті болмаған жағдайда – пайшы өзінің банктік деректемелерін көрсетіп, тиісті соманы аударуға өкімші құжатты берген кезде, пайшының банктік шоттарына аударылуға тиіс;

- брокерлік қызмет көрсету шартының аясында Басқарушы компанияда пайшының шоттары болмаған немесе пайшының банктік деректемелерін көрсетіп, соманы аударуға өкімші құжат болмаған жағдайда, бұрын орналастырылмаған ақшалай қаражат сомасы ескеріліп, пайды кейіннен пайшының шотына орналастырылады;

11) пай сатып алуға өтінімдер күн сайын жұмыс күндері № 3 қосымшаның нысаны бойынша пай сатып алуға өтінімді толтыру арқылы да, Басқарушы компанияның сауда платформасында, «BCC Invest» мобильді қосымшасында, «BCC trade web» web-платформасында немесе № 5 қосымшадағы тиісті нысан бойынша (жеке тұлғалар үшін) арқылы да қабылданады;

12) өтінім Басқарушы компания арқылы жеке қолына да, Басқарушы компанияның өкілдері арқылы да, сондай-ақ Басқарушы компанияның, оның өкілдерінің ақпараттық жүйелерінде, Басқарушы компанияның сауда платформасын, «BCC Invest» мобильді қосымшасын «BCC trade web» web-платформасын қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, берілуі мүмкін, бір мезгілде осы өтінім бойынша пай ақысын төлеуге ақша аударуға бұйрық жіберіледі;

13) пай сатып алуға өтінім нотариатта расталған сенімхаттың негізінде сенімді тұлға арқылы берілуі мүмкін.

16.2. Қордың пайын сатып алу тәртібі:

16.2.1 Басқарушы компаниядан және (немесе) оның өкілдерінен сатып алуға өтінім беру арқылы пайды сатып алған кезде:

1) Басқарушы компания және (немесе) оның өкілдері арқылы Қордың пайы осы Ереженің №3 қосымшасындағы үлгі бойынша тиісті өтінім беру арқылы сатып алынады;

2) Қордың Басқарушы компаниясының жеке тұлғасы – инвестор Қордың пайын сатып алуға өтінімді бір реттік (біржолғы) кодты не электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдаланып, инвестордың динамикалық сәйкестендіруін пайдаланып, ақпараттық жүйелер арқылы беруі мүмкін;

3) Басқарушы компанияның сауда платформасында, «BCC Invest» мобильді қосымшасында, «BCC trade web» web-платформасында берілген Қордың пайын сатып алуға өтінімдегі деректер жинағы № 5 қосымшада көрсетілген;

4) Қордың пай ұстаушылары тізіліміндегі дербес шотқа немесе Тіркеушіде ашылған пай ұстаушының қосалқы шотына пай өтінім болған кезде Кастодиан Қордың шотына ақшаның түскенін растағаннан кейін есепке алынады;

5) Басқарушы компания арқылы Қордың пайларын сатып алу жөніндегі мәмілелерді Басқарушы компанияның бұйрығы негізінде Тіркеуші тіркейді. Қордың пай ұстаушыларының құқықтары Басқарушы компанияның бұйрығы келіп түскен күні тізілімде тіркеледі;

6) пай ұстаушылар тізілімінен үзінді көшірме тізілімге жазба енгізілген сәттен бастап бір күннің ішінде беріледі;

7) егер пай сатып алуға өтінім берілгеннен кейін 60 (алпыс) күннің ішінде пай ақысы ретінде ақша түспесе, Басқарушы компания осы өтінімнің күшін жояды;

8) пайдың қайталама нарығында жасалатын мәмілелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Тіркеушінің ережесіне, сауда-саттықты ұйымдастырушының ережесіне сәйкес тіркеледі;

9) пайды қосымша сатып алған жағдайда, өтінім беру міндетті емес.

16.2.2. Инвесторлар пайды ұйымдастырылған нарықта сауда-саттықты ұйымдастырушының ережесіне сәйкес сатып алады.

#### 16.3. Тек мына жағдайларда:

1) Қордың Ережесінде белгіленген өтінімдерді беру тәртібі мен шарттары сақталмағанда;

2) пайды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы Қордың пай ұстаушысы бола алмайтын адам сатып алғанда;

3) Басқарушы компанияның шешімімен не Уәкілетті органның талап етуімен пайды орналастыруды тоқтата тұру туралы шешім қабылданғанда;

4) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген өзге талаптар орындалмағанда, Пайды сатып алуға өтінімдерді қабылдаудан бас тартуға жол беріледі.

#### 16.4. Қордың пай ұстаушыларының тізілімдері жүйесінде пай ұстаушылардың дербес шоттарын ашу тәртібі:

1) Қордың пай ұстаушылары тізілімдерінің жүйесін осы Ереженің 4-тармағында көрсетілген Тіркеуші жүргізеді;

2) Қордың пай ұстаушылары тізілімдерінің жүйесінде инвестордың (пай ұстаушының) дербес шотын Тіркеуші дербес шот ашу туралы бұйрықтың және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тіркеушінің ішкі құжаттарында көзделген басқа құжаттардың негізінде ашады;

3) Қордың пай ұстаушылары тізілімдерінің жүйесінде инвестордың (пай ұстаушының) дербес шотын ашу туралы бұйрықты және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тіркеушінің ішкі құжаттарында көзделген басқа құжаттарды тікелей инвестор, сондай-ақ инвестордың атынан Қорды Басқарушы компания Тіркеушіге бере алады;

4) Қорды Басқарушы компанияның инвесторлардан (клиенттерден) Қордың пайын сатып алуға өтінімдер алу негізінде Тіркеушіге инвесторлардың (клиенттердің) атынан Қордың пай ұстаушыларының тізілімдері жүйесінде инвестордың (пай ұстаушының) дербес шотын ашуға бұйрық беру және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тіркеушінің ішкі құжаттарында көзделген құжаттарды Қордың пайын сатып алуға өтінімнің көшірмесін қоса тіркеп, Тіркеушіге беру арқылы Қордың пай ұстаушыларының тізілімдері жүйесінде инвесторларға (пай ұстаушыларға) дербес шот ашуға құқығы бар.

#### 16.5. Қордың пай ұстаушылары тізілімдерінің жүйесінде пай ұстаушылардың дербес шоттарын өзгерту тәртібі:

1) Қордың пай ұстаушылары тізілімдерінің жүйесінде инвестордың (пай ұстаушының) дербес шотының деректемелерін өзгерту туралы бұйрықты және Қазақстан Республикасының қолданыстағы

заңнамасында және Тіркеушінің ішкі құжаттарында көзделген басқа құжаттарды Тіркеушіге тікелей инвестор, сондай-ақ инвестордың (пай ұстаушының) атынан Қорды Басқарушы компания ұсына алады;

- 2) Қорды Басқарушы компания инвесторлардан (пай ұстаушылардан) алынған құжаттардың негізінде Қордың пай ұстаушылары тізілімдерінің жүйесінде инвесторлардың (пай ұстаушылардың) атынан инвестордың (пай ұстаушының) дербес шотының деректемелерін өзгерту туралы бұйрықты Тіркеушіге беру арқылы және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тіркеушінің ішкі құжаттарында көзделген құжаттарды Тіркеушіге беру арқылы Қордың пай ұстаушылары тізілімдерінің жүйесінде инвесторлардың (пай ұстаушылардың) дербес шотының деректемелерін өзгертуге құқылы.

#### 17. Қордың пай ұстаушыларының құқықтары мен міндеттері

Қордың пай ұстаушыларының құқықтары мен міндеттері осы Ереженің № 2 қосымшасында көрсетілген Сенімгерлік басқару шартымен реттеледі.

#### 18. Қор активтерін есепке алу және олардың құны мен пайдың есептік құнын анықтау тәртібі

1) Қордың активтерінің құнын, Қордың таза активтерін, Қордың пайының есептік құнын есепке алу және анықтау Қазақстан Республикасының «Инвестициялық және венчурлік қорлар туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Заңына, сондай-ақ уәкілетті орган бекіткен Инвестициялық қор активтерінің, инвестициялық қордың таза активтерінің құнын, инвестициялық пай қоры пайының есептік құнын және акционерлік инвестициялық қордың акциясын сату бағасын айқындау ережелеріне, талаптарына және әдістемесіне сәйкес ұлттық валютада жүргізіледі. Инвестициялық қор активтерінің құнын, Инвестициялық қордың таза активтерін, Қордың пайының есептік құнын анықтау тәртібі осы тармақта айқындалған. Қазақстан Республикасының заңнамасында Қор активтерінің құнын, Қордың таза активтерін, Қордың пайының есептік құнын есепке алудың және анықтаудың өзге тәртібі белгіленген жағдайда, Басқарушы компания Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сай әрекет етеді;

2) Қор активтерін есепке алу және сақтау мақсатында, сондай-ақ Қор активтерін сенімгерлік басқаруға байланысты операциялар бойынша есеп айырысу үшін, Басқарушы компания Кастодианда Қордың шоттарын ашады, бұл ретте Басқарушы компания шоттарды сенімгерлік басқарады. Басқарушы компания мен Қордың Кастодианы Қор активтері мен меншікті активтер бойынша бөлек есеп жүргізеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және Ережеге сәйкес олар бойынша қаржылық және өзге есептілікті ұсынады;

3) Басқарушы компания Кастодианмен күн сайын Қордың таза активтерінің құнын, Қордың пайының есептік құнын және алдыңғы операциялық күні Қордың портфеліндегі қаржы құралдары бойынша есептелген инвестициялық кірісті ауызша салыстырады;

4) Басқарушы компания мен Кастодиан ай сайын Қор активтерінің құрылымы мен ағымдағы құны, Қор міндеттемелерінің құны, таза активтердің құны, пайдың есептік құны және есептелген инвестициялық табыс сомасы туралы салыстыру актісін қалыптастырады;

5) инвестициялық Қордың активтерін құрайтын және қор биржасының тізіміне кіретін қаржы құралдары қор биржасының бағалы қағаздарды бағалау әдістемесіне сәйкес не қолданыстағы заңнамада көзделген әдістемеге сәйкес, не Bloomberg (Блумберг) немесе Reuters (Рейтер) ақпараттық-сараптамалық жүйелердің деректері бойынша нарықтық немесе индикативтік баға бойынша бағаланады;

6) Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған қаржы құралы Bloomberg (Блумберг) немесе Reuters (Рейтер) ақпараттық-сараптамалық жүйелердің деректері бойынша бағалау жүргізілетін сауда күнін жабу бағасы бойынша жұмыс күнінің соңында бағаланады;

7) оларды бағалау қор биржасының бағалы қағаздарды бағалау әдістемесінде және Ережеде көзделмеген борыштық бағалы қағаздардың әділ құны апта сайын ағымдағы аптаның бірінші жұмыс күнінің аяғында амортизацияланған күн бойынша есепке алу арқылы айқындалады;

8) Қазақстан Республикасының бейрезиденті – эмитенттердің Қазақстан Республикасының аумағында айналыстағы, Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес осы бағалы қағаздардың эмитентімен Қазақстан Республикасының Үкіметі жасасқан келісімдер аясында шығарылған борыштық бағалы қағаздар сатып алу құны бойынша бағаланады;

9) құны шетел валютасында көрсетілген инвестициялық қордың активтері инвестициялық қор активтерінің құны анықталған күнгі жағдай бойынша нарықтық валюта айырбастау бағамымен бағаланады;

10) Қордың таза активтерінің құны оның активтерінің құны мен Қор активтерінің есебінен орындалуға тиіс міндеттемелердің арасындағы айырма ретінде анықталады. Инвестициялық пай қорының пайының есептік

құны Тіркеушінің деректеріне сай осы құнды сол күні айналыста болған пай санына бөлу арқылы Қордың таза активтерінің құнын анықтаған күнгі жағдай бойынша анықталады.

19. Пайды орналастырған кезде оның есептік құнына үстемақыны қолдану талаптары және есептеу тәртібі  
Пайдың есептік құнына үстемақы көзделмеген.

20. Басқарушы компанияның және Қордың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін өзге тұлғалардың Қордың активтері есебінен төленуге тиіс шығысы мен сыйақысының түрлері, оларды айқындау тәртібі және ең жоғары мөлшерлері:

1) Басқарушы компанияның комиссиялық сыйлықақысы сенімгерлік басқару шартында айқындалған тәртіппен Қор активтерінің есебінен төленеді;

2) кастодиан қызметін көрсету, пай ұстаушылар тізілімін жүргізу және аудиторлық қызмет көрсету шарттарына сай Кастодианға, Тіркеушіге және Қордың Аудиторына Қор активтерінің есебінен комиссиялық сыйақы төленеді;

3) Кастодианға, Тіркеушіге және Аудиторға сыйақы тиісті шарттарда айқындалған тәртіппен және талаптарда төленеді. Аталған тұлғаларға төленетін сыйақының жиынтық көлемі Қордың таза активтерінің орташа жылдық құнының 3 (Үш) %-ынан көп бола алмайды;

4) Қорды құрайтын активтердің есебінен Қорды сенімгерлік басқарумен байланысты шығыс, оның ішінде:

- Қорды құрайтын активтермен мәмілелер жасасуға;
- Қорды құрайтын активтердің қамтылуына;
- заң қызметінің ақысын төлеуге байланысты шығыс, сондай-ақ Қордың атынан сот талқылауына байланысты шеккен шығыс;
- Қорды құрайтын активтерді тиісті сақтандыру бойынша және Қорды құрайтын активтермен операциялар бойынша соманы төлеуге байланысты шығыс;
- Қор активтеріне салынуы мүмкін немесе Қорды құрайтын активтердің есебінен төленуі мүмкін Қазақстан Республикасының салығы немесе Қазақстан Республикасының салық заңнамасы өзгерген кезде болашақта туындауы мүмкін кез келген басқа салық;
- баспа жұмыстары мен жарнама қызметінің құнын өтеуге байланысты шығыс;
- Қордың банктік шотын жүргізу шарты бойынша банктің комиссиясын төлеуге байланысты шығыс;
- бағалы қағаздар нарығы туралы заңнаманың талаптарына және Қор Ережесіне сәйкес Қор туралы ақпаратты ашуға байланысты шығыс;
- Басқарушы компания өкілдерінің пайды орналастыру қызметінің ақысын төлеуге байланысты шығыс (ондай болған кезде);
- Қордың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін тұлғаларға сыйақы төлеумен байланысты шығыс;
- Қордың жұмыс істеуіне байланысты өзге шығыс пен салық өтеледі.

5) Қордың жұмыс істеуін қамтамасыз етуге байланысты оның активтерінің есебінен өтелетін Басқарушы компанияның шығысының ең жоғары мөлшері таза активтердің орташа жылдық құнының 3 (Үш) %-ынан артық бола алмайды, оған және Қор активтерін сату нәтижесінде алынған ақша сомасынан 5 (Бес) %-ынан аспайтын Қордың жұмыс істеуінің тоқтатылуына байланысты шығыс қосылмайды;

6) Қордың пайын бастапқы орналастыру кезеңінде Басқарушы компанияға сыйақы есептеледі, бірақ төленбейді.

Қордың жұмыс істеуін қамтамасыз етуге байланысты осы кезеңдегі шығын мен сыйақы, оның ішінде Кастодиан мен Тіркеушінің қызмет ақысы кейіннен Қор активтерінің есебінен оның шығынын өтеп, Басқарушы компанияның меншікті қаражатының есебінен төленеді.

Бастапқы орналастыру мерзімі аяқталғанға дейін немесе пайды бастапқы орналастыру аяқталғаннан кейін ең аз мөлшері бойынша таза активтерінің құнының сәйкес келмеуінен Қордың қызметі тоқтатылған жағдайда, Басқарушы компания Қордың пайын бастапқы орналастыру кезеңінде болған шығынды өтеу бойынша шығын тәуекелін өзіне қабылдайды.

Қор Кастодианы Басқарушы компанияның бұйрығымен сыйақы мен шығысты аударады. Қор Кастодианы көрсетілген соманың дұрыс есептелуін қадағалайды.

21. Қордың жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша қызметті одан әрі жүзеге асыру мүмкін болмаған немесе одан бас тартылған жағдайда, Басқарушы компанияны немесе Кастодианды ауыстыру шарттары мен тәртібі:

21.1. Қорды Басқарушы компания немесе Кастодиан:

1) аталған тұлғалардың бастамасымен;

2) аталған тұлғалардың лицензиясының қолданысын тоқтату немесе лицензиясынан айыру салдарынан ауыстырылады.

21.2. Қордың Басқарушы компаниясы немесе Кастодианы ауысқан кезде, осы Ережеге жаңа Басқарушы компанияны немесе жаңа Кастодианды тағайындауға қатысты (қандай тұлғаның ауысқанына қарай) өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі;

21.3. Жаңа Басқарушы компанияны немесе жаңа Кастодианды (қандай тұлғаның ауысқанына қарай) тағайындауға қатысты осы Ережеге енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды уәкілетті орган келісуге тиіс. Уәкілетті орган Қордың Ережесіне енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды олар берілген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарастырады;

21.4. Басқарушы компания ауысқан кезде, Басқарушы компания Қор активтерін басқа басқарушы компанияның басқаруына бергені туралы ақпаратты пай ұстаушыларға жеткізуге міндетті;

21.5. Басқарушы компанияның лицензиясын тоқтата тұру немесе лицензиядан айыру, егер тиісті лицензиясы бар өзге басқарушы компания Қор активтерін басқаруға алу ниетін білдірмесе, Қордың қызметінің тоқтатылуына әкеп соғады;

21.6. Кастодиан ауысқан кезде, Басқарушы компания Қордың жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін басқа Кастодианмен шарттар жасасуға міндетті. Кастодиан Қордың жұмысының жалғастыруын қамтамасыз ету үшін жаңа кастодиан қызметінің жалғасуы үшін қажетті барлық құқық белгілеуші және өзге құжаттарды барынша қысқа мерзімде беруге міндетті;

21.7. Басқарушы компания, Тіркеуші немесе Кастодиан Қордың қызметін жалғастыруы үшін қажетті барлық құқық белгілеуші және өзге құжаттар мен деректерді жаңа басқарушы компанияға, Тіркеушіге немесе Кастодианға Қордың жұмыс істеуін жалғастыруды қамтамасыз ету үшін барынша қысқа мерзімде беруге міндетті.

## 22. Қордың пайын орналастыруды тоқтату шарттары мен тәртібі

1) Қордың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін тұлғалар немесе қаржы құралдары немесе өзге мүлкі Қор активтерінің құрамына кіретін тұлғалар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын немесе шарттық міндеттемелерді бұзған немесе орындауға олардың мүмкіндігі болмаған жағдайда, Қордың пайын орналастыру Уәкілетті органның нұсқамасы бойынша тоқтатыла тұруы мүмкін;

2) Уәкілетті органнан хабарлама алған сәтте Басқарушы компания пайды орналастыруды тоқтата тұруға міндетті;

3) Қордың пайын орналастыру Басқарушы компанияның шешімімен тоқтатылуы мүмкін. Бұл ретте орналастыруды тоқтату мерзімін Басқарушы компания белгілейді;

4) Пайды орналастыру процесін тоқтату немесе қайта бастау туралы шешім қабылданған жағдайда, Қорды Басқарушы компания осындай шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күннің ішінде себептерін көрсетіп, бұл туралы хабарламаны Басқарушы компанияның корпоративтік интернет-ресурсында жариялайды;

5) Қордың пайларын сату тоқтата тұрылған кезде, бір уақытта Қордың пайын орналастыру тоқтатыла тұрады;

6) пайды орналастыру осындай тоқтата тұруға себеп болған бұзушылықтарды жойғанға дейін белгісіз мерзімге тоқтатыла тұрады;

7) пайды орналастыруды тоқтата тұру қажет болған жағдайда, Басқарушы компания осындай тоқтата тұру себептерін және оларды жою шараларын көрсетіп, дәл сол күні уәкілетті органға бұл туралы жазбаша хабарлауға міндетті.

Басқарушы компания орналастыруды бастаған күні орналастыруды қайта бастағаны туралы уәкілетті органға хабарлауға міндетті.

## 23. Қордың жұмысын тоқтату талаптары мен тәртібі, Қордың жұмысын тоқтату туралы ақпарат жарияланған баспасөз басылымының атауы

23.1 Қордың жұмысын тоқтату шарттары:

1) пайды бастапқы орналастыру аяқталған соң Қордың таза активтерінің құнының Қор активтерінің ең аз мөлшеріне қойылатын талапқа сәйкес келмеуі;

2) пай сатуға өтінімдерді орындау нәтижесінде Қордың таза активтерінің құнының Қор активтерінің ең аз мөлшеріне қойылатын талаптарға сәйкес келмеуі және аталған сәйкессіздік болған күннен бастап екі айдың ішінде жойылмауы;

3) Басқарушы компанияның немесе Кастодианның шарт бойынша өзіне қабылдаған міндеттемелерді ары қарайғы орындауға мүмкіндіктің болмауына байланысты активтерді басқару немесе Қор активтерін есепке алу және сақтау бойынша қызметтерді ары қарай орындаудан бас тарту туралы шешім қабылдауы және егер аталған шешім қабылданған сәттен бастап үш айдың ішінде жаңа басқарушы компанияны немесе жаңа кастодианды тағайындауға қатысты Қордың Ережесіне енгізілген өзгерістер күшіне енбесе;

4) Басқарушы компанияның, Кастодианның бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметтің тиісті түрін жүзеге асыруға берілген лицензиясын тоқтату немесе лицензиядан айыру және егер жаңа басқарушы компанияны, жаңа кастодианды тағайындауға қатысты Қордың Ережесіне енгізілген өзгерістер үш айдың ішінде күшіне енбесе немесе лицензияның қолданысы қайта қалпына келтірілмесе;

5) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге негіздер бойынша.

### 23.2 Қордың жұмыс істеуін тоқтату тәртібі:

1) Қордың жұмыс істеуін Қорды Басқарушы компания тоқтатады;

2) Қорды Басқарушы компанияның лицензиясының қолданысы тоқтатылған немесе лицензиядан айырған жағдайда, оның жұмысын Қордың Кастодианы тоқтатады;

3) Кастодиан лицензиясының әрекеті тоқтатыла тұрған немесе лицензиядан айырылған жағдайда, Қордың жұмысын Қорды Басқарушы компания оның лицензиясының қолданысына қарамастан тоқтатады;

4) Қордың жұмысын тоқтату негіздері туындаған сәттен бастап Қор активтеріне билік етуге жол берілмейді, оған кредиторлармен есеп айырысу, Қордың жұмысын тоқтатуға байланысты шығысты төлеу, қалған ақшаны пай ұстаушыларға қайтару үшін сату қосылмайды;

5) Қордың жұмысы тоқтатылған жағдайда, Басқарушы компания және (немесе) Кастодиан Қор активтерін сатуды қамтамасыз етуге, Қордың кредиторларымен есеп айырысуға, Қордың жұмысын тоқтатуға байланысты шығысты төлеуге және Заң талаптарына және осы Ережеге сәйкес қалған ақшаны пай ұстаушылардың арасында бөлуге міндетті;

6) Қорды Басқарушы компания немесе Кастодиан Қордың жұмысын тоқтату негіздері орын алған сәттен бастап үш жұмыс күн ішінде: Қордың жұмысының тоқтаны, осы рәсімді жүргізу тәртібі мен талаптары туралы пай ұстаушыларға, уәкілетті органға, Қордың жұмысын қамтамасыз ететін ұйымдарға, Қордың кредиторларына және Қордың активтерімен орындалмаған мәмілелердің тараптарына хабарлауға; пай ұстаушылар тізілімінде мәмілелерді тіркеу тоқтатылған күнді көрсетіп, Қордың пай ұстаушылары тізілімінде дербес шоттар бойынша операциялардың тоқтатылғаны туралы талапты Тіркеушіге жолдауға міндетті;

7) Басқарушы компания немесе Кастодиан талаптары Қор активтерінің есебінен қанағаттандырылуға тиіс кредиторларды анықтау, ол жұмыс істеген кезеңде төленген, бірақ қойылмаған (Қор меншігі ретінде тіркелмеген) Қор активтерін алу бойынша шаралар қабылдайды;

8) Қор активтерінің есебінен қанағаттандырылуға тиіс кредиторлардың талап қою мерзімі аяқталған соң және аталған кредиторлармен есеп айырысу басталғанға дейін Қорды Басқарушы компания және (немесе) Кастодиан Қор активтерінің құрамы мен құны туралы, кредиторлардың қойған талаптары туралы, Қордың төленген, бірақ жеткізілмеген активтері туралы мәліметтерді, сондай-ақ аталған мәліметтерді қарастыру нәтижесі және ары қарайғы әрекеттер туралы есепті қалыптастырып, оны уәкілетті органға жолдайды;

9) Қор активтерінің есебінен қанағаттандырылуға тиіс кредиторлардың талап қою мерзімі Қордың жұмысын тоқтату туралы оларға хабарлаған күннен бастап кемінде бір ай болуға тиіс;

10) пайды бастапқы орналастыру мерзімі аяқталғанға дейін Қордың жұмысын тоқтатудан басқа, Қор активтерін сатудан түскен ақша Заңда белгіленген тәртіппен бөлінеді;

11) пайды бастапқы орналастыру аяқталған соң Қордың таза активтерінің құны заңнамада айқындалған ең аз мөлшерден аз болуына байланысты Қордың жұмысы тоқтатылған жағдайда, Қордың жұмысын тоқтату рәсімімен байланысты Басқарушы компанияның шығысы Қор активтерінің есебінен өтелмейді. Басқарушы компания немесе Кастодиан Қордың жұмысын тоқтатуға негіз туындаған сәттен бастап он күннен кешіктірмей пай ұстаушыларға ақшаны қайтаруға міндетті;

12) есеп айырысу аяқталғаннан кейін күнтізбелік он төрт күннің ішінде Басқарушы компания немесе Кастодиан осы Қордың барлық активінің бөлінуі туралы Қор Кастодианына хабарламаны және Қордың пай ұстаушылары тізілімдері жүйесін жабу туралы Тіркеушіге хабарламаны қоса тіркеп, Қордың жұмысының тоқтағаны туралы ақпаратты уәкілетті органға береді.

23.3. Қор қызметін тоқтату туралы ақпарат мыналарға:

- 1) Қордың пай ұстаушыларына – Басқарушы компанияның корпоративтік интернет-ресурсында ([www.bcc-invest.kz](http://www.bcc-invest.kz)), «Казахстанская правда» және «Егемен Қазақстан» газеттерінде хабарлама орналастыру арқылы;
- 2) уәкілетті органға – жазбаша хабарландыру жолдау арқылы;
- 3) Қордың жұмысы мен қызметін қамтамасыз ететін ұйымдарға – оларға жазбаша хабарлама жолдау арқылы;
- 4) Қордың кредиторлары мен Қор активтерімен орындалмаған мәмілелердің тараптарына – оларға жазбаша хабарлама жолдау арқылы және (немесе) сауда-саттықты ұйымдастырушыларға жазбаша хабарлама жолдау арқылы олардың назарына жеткізіледі.

#### 24. Пай ұстаушылардың сұратулары бойынша есептерді беру талаптары мен тәртібі

1) Басқарушы компанияның қызметі туралы, соның ішінде Қордың таза активтерінің құрамы мен құны туралы, сондай-ақ пайдың есептік құны туралы есепті Басқарушы компания жиілігі айына бір рет (бұдан әрі «есептік кезең») дайындайды және есептік күннен кейін 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей пай ұстаушыларға табыстау арқылы немесе Қор Тіркеушісінде бар пай ұстаушылардың мекенжайларына пошта жөнелтілімі арқылы, не пай ұстаушыда болған кезде және пай ұстаушылар өтінімде көрсеткен кезде факс немесе электрондық пошта арқылы, не бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы немесе осы Ережеде көрсетілген Басқарушы компанияның корпоративтік интернет-ресурсында тиісті ақпаратты орналастыру арқылы жалпы танысу үшін ұсынады.

2) Басқарушы компания сондай-ақ пай ұстаушылардың жазбаша сұратулары бойынша есептерді ұсынады. Сұрату бойынша есепті ұсынуды талап ететін тұлға өз деректемелерін көрсетіп, Басқарушы компанияға немесе оның өкілдеріне жазбаша сұратумен хабарласуға міндетті. Егер сұратылған ақпарат заңнамаға және осы Ережеге сәйкес жария етілетін болса, Басқарушы компания және (немесе) оның өкілдері күнтізбелік 15 (он бес) күннің ішінде сұратылған ақпаратты ұсынуға міндетті.

3) Пайдың есептік құны күн сайын Басқарушы компанияның интернет-ресурсында жарияланады.

#### 25. Қор туралы, оның Ережесі және ондағы өзгерістер туралы, Қордың таза активтерінің құнының өзгергені, пайды орналастыру және сату бағасы туралы, сондай-ақ Қордың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін тұлғалар, олардың қызметінің нәтижесі туралы ақпаратты пай ұстаушыларға ашу талаптары мен тәртібі

25.1. Пай сатып алуға және сатуға өтінімдерді қабылдайтын орындарда Басқарушы компания не оның өкілі кез келген мүдделі тұлғаның талап етуімен мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:

1) Басқарушы компанияның жарғысы, инвестициялық декларацияны және Қордың Ережесіне енгізілген басқа да құжаттарды, сондай-ақ оларға енгізілген және Уәкілетті орган келіскен өзгерістер мен толықтырулардың толық мәтінін қоса алғанда, Қордың Ережесі;

2) Қордың пай ұстаушылары тізілімін жүргізу және кастодиан қызметін көрсету шарттарының көшірмелері;

3) Қордың таза активтерінің құны туралы мәліметтер және осындай мәліметтер анықталған соңғы күнгі жағдай бойынша бір пайдың есептік құны туралы, бір пайдың есептік құнын анықтау әдісі туралы мәліметтер;

4) өткен қаржы жылында Қордың қызметін қамтамасыз ету бойынша оның қызметін тексеру нәтижесімен Қорды Басқарушы компанияның немесе Кастодианның аудиторлық есептерінен үзінді;

5) соңғы есептік күні жасалған Басқарушы компанияның бухгалтерлік балансы және пайда мен шығын туралы есеп;

6) Басқарушы компанияның, Кастодианның, Тіркеушінің және Қордың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін өзге субъекттердің кез келген өткен кезеңдегі Қор активтерінің есебінен өтелуге тиіс шығыны мен сыйақының ықтимал және нақты мөлшерлері туралы мәліметтер;

7) Қорды Басқарушы компания мен Кастодианның Қор активтерін басқару, активтерді есепке алу және сақтау қызметімен байланысты оларға қолданылған санкциялар туралы мәліметтер;

8) пай сатып алуға немесе сатуға өтінімдерді қабылдау мерзімдері, бастау және аяқтау уақыты, пайларды орналастыру немесе сатып алу бағасы, Қордың пайларын орналастырған және сатып алған кезде Басқарушы компанияның өкілдері туралы мәліметтер, сондай-ақ пайды орналастыруды тоқтата тұру және қайта бастау туралы ақпарат;

9) Қорға салынатын ақшаның ең аз сомасы туралы ақпарат.

25.2. Өзіне қажетті мәліметтерді ұсынуды талап ететін тұлға өз деректемелерінің, сондай-ақ өзіне қажетті мәліметтер тізбесін көрсетіп, Басқарушы компанияға жазбаша сұрату беруге міндетті.

25.3. Жария түрде таратылуға тиіс Қор бойынша бүкіл ақпарат Басқарушы компанияның корпоративтік интернет-ресурсында да осы Ережеде көрсетілген мерзімде жарияланады.

26. Басқарушы компанияның Қордың пайларын орналастыру және сату жөніндегі өкілдерінің тізбесі:

1) Басқарушы компания өз бетінше Қордың пайын орналастыру бойынша Басқарушы компания өкілдерінің тізбесін анықтайды, сондай-ақ оларды өзгертеді және бұл осы Ережеге өзгерістер енгізуге әкеп соқтырмайды. Басқарушы компания өкілдерінің тізбесін Басқарушы компания өзі орналасқан жерде ұсынады немесе Басқарушы компанияның корпоративтік интернет-ресурсында орналастырады.

27. Пай сатуға өтінім беру және оны орындау шарттары мен тәртібі

27.1. Қордың пайын сату шарттары:

1) Қордың пайы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды сақтай отырып, Қор активтерінің құрамында бар немесе оларды іске асырудан алынған ақшаның есебінен сатылады;

2) пай сатуға өтінімдер кері қайтарып алынбайтын сипатта болады;

3) пайларды бастапқы орналастыру мерзімі ішінде сатуға жол берілмейді;

4) пай сатуға өтінім нотариатта куәландырылған сенімхаттың негізінде сенім білдірілген адам арқылы берілуі мүмкін;

5) Қордың пайлары жылына екі рет сатылады. Қордың пайларын сататын күндер – 28 мамыр және 28 қазан, Астана қаласының уақытымен сағат 23:59:59 жағдай бойынша сату үшін пай ұстаушылар тізілімі сәйкесінше 27 мамырда және 27 қазанда тіркеледі.

Басқарушы компанияның және (немесе) оның өкілдерінің пай сатуға өтінімдерін қабылдау тізілімді тіркеген күнге дейін 10 (он) жұмыс күн бұрын басталады және тізілімді тіркеген күні Астана қаласының уақытымен 18:00-де аяқталады.

Пай сатылатын күн демалыс және (немесе) мереке күніне сәйкес келген жағдайда, сатылатын күн демалыс және (немесе) мереке күнінен кейінгі бірінші жұмыс күніне ауыстырылады, тізілім бірінші жұмыс күні – сатылатын күннің алдындағы күнгі Астана қаласының уақытымен сағат 23:59:59 тіркеледі.

Пай тізілім тіркелген күні қалыптасқан пайдың бағасы бойынша сатылған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде сатылады. Сатылған пайларға ақшалай қаражат пай сатылған күні аударылады;

6) Басқарушы компания қабылдаған Қордың пайын кезектен тыс сату туралы шешім пайды сататын күнге дейін 15 (он бес) жұмыс күннен кешіктірмей Басқарушы компанияның интернет-ресурсында жариялау арқылы пай ұстаушыларға жеткізіледі.

27.2. Қордың пайын сатуға өтінімдер беру және оларды орындау тәртібі:

1) Қордың пайын сату туралы талап осы Ереженің № 4 қосымшасындағы үлгі бойынша пай сатуға өтінімдердің нысанында, сондай-ақ Басқарушы компанияның сауда платформасында, «BCC Invest» мобильді қосымшасында, «BCC trade web» web-платформасында беріледі;

2) өтінімдерді Басқарушы компания немесе оның өкілдері пай сатылатын күннің алдындағы жұмыс күнінің соңына дейін қабылдайды;

3) Қордың пайы сатылған кезде сатылған пай үшін ақша аудару мақсатында Басқарушы компания өтінімде көрсетілген пайшының банктік деректемелерін пайдаланады;

4) өтінім бойынша Қордың пайын Басқарушы компания пай ұстаушылар тізіліміндегі пайшының дербес шотынан немесе Тіркеушіде пайшының атына ашылған ұстаушының қосалқы шотынан сатылады;

5) Қордың Басқарушы компаниясының жеке тұлға пайшысы Қордың пайын сатуға өтінімді бірреттік (біржолғы) кодты не электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдаланып, инвесторды динамикалық сәйкестендіруді пайдаланып, Басқарушы компанияның, Басқарушы компания өкілдерінің, Басқарушы компанияның сауда платформасына қолжетімділік беру бойынша серіктестердің ақпараттық жүйелері арқылы беруі мүмкін;

6) өтініш беруші пайшы дұрыс көрсетпеген банктік деректемелері, дербес шоттың немесе қосалқы шоттың деректемелері бойынша пай сатуға өтінімді уақтылы орындамағаны үшін өтініш беруші пайшы жауапкершілік көтереді.

Шоттардың қате деректемелері берілген жағдайда, пайларды аударуды және сатылған пайлар үшін ақша аударуды қайталап орындауға кеткен шығыс банктік аударым үшін комиссия сомасын және ақшаны сатылған пайлардың есебіне жіберген кезде пайларды есептен шығару туралы бұйрықты орындау үшін комиссия сомасын ұстап қалу арқылы өтініш беруші пайшыға ауыстырылады.

27.3 Мына жағдайларда ғана:

1) Қор Ережесінде белгіленген өтінімдерді беру тәртібі мен талаптары сақталмағанда;

2) қолданыстағы заңнамаға және осы Ережеге сәйкес тәртіппен Қордың пайын сатуды тоқтата тұру туралы шешім қабылданғанда, пай сатуға өтінімдерді қабылдаудан бас тартуға жол беріледі.

28. Пай сатуды тоқтата тұру талаптары мен тәртібі:

1) Қордың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін тұлғалар немесе қаржы құралдары немесе өзге мүлкі Қор активтерінің құрамына кіретін тұлғалар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын немесе шарттық міндеттемелерді бұзған немесе орындау мүмкін болмаған жағдайларда, уәкілетті органның нұсқамасы бойынша Қордың пайын сату тоқтатыла тұрады;

2) Қордың пайын сату сондай-ақ Басқарушы компанияның шешімі бойынша кез келген уақытта кез келген негіз бойынша тоқтатылуы мүмкін. Бұл ретте осындай тоқтату мән-жайларына қарай сатуды тоқтату мерзімі Басқарушы компанияның осындай шешімімен белгіленеді. Басқарушы компания осындай тоқтата тұру себептерін және оларды жою бойынша шараларды көрсетіп, бұл туралы уәкілетті органға сол күні жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

Басқарушы компания сатуды бастаған күні сатудың қайта басталғаны туралы уәкілетті органға хабарлауға міндетті.

3) Қордың пайын сату осындай тоқтата тұруға себеп болған бұзушылықтар жойылғанға дейін белгісіз мерзімге тоқтата тұрылуы мүмкін;

4) Қордың пайын сатуды тоқтата тұрған кезде, бір мезгілде Қорды орналастыру да тоқтатылады;

5) Басқарушы компания уәкілетті органнан хабарлама алған сәттен бастап Қордың пайын сатып алуды тоқтата тұруға міндетті;

6) Пайды сатып алу процесін тоқтата тұру немесе қайта бастау туралы шешім қабылданған жағдайда, Қорды Басқарушы компания мұндай шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күннің ішінде себептерін көрсетіп, бұл туралы Басқарушы компанияның корпоративтік интернет-ресурсында хабар жариялайды.

29. Басқарушы компания пайды сатқан кезде пайдың есептік құнына жеңілдікті қолдану талаптары мен есептеу тәртібі

Пайдың есептік құнына жеңілдікті қолдану көзделмеген.

30. Басқарушы компанияның Қор Ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу талаптары мен тәртібі:

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын сақтаған кезде, Басқарушы компания Қор Ережесіне біржақты тәртіппен өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы;

2) Ережеге енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды уәкілетті орган келісуге тиіс;

3) Басқарушы компанияның, Кастодианның атауы мен орналасқан жерінің өзгеруіне, олардың аудиторлық ұйымдарының ауысуына (жаңаларын сайлауға), аудиторлық ұйымның атауы мен орналасқан жерінің ауысуына байланысты Қор Ережесіне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар осындай өзгерістер мен толықтырулар қабылданған күннен бастап келесі жұмыс күні күшіне енеді және уәкілетті органмен келісу міндетті емес;

4) Қордың пайын бастапқы орналастыру кезеңінде Ережеге осы тармақтың 3) тармақшасында көзделген өзгерістерге ғана қатысты өзгерістер енгізілуі мүмкін;

5) Басқарушы компания Қордың Ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қордың пай ұстаушыларына Басқарушы компанияның корпоративтік интернет-ресурсында осы ақпаратты жариялау арқылы, сондай-ақ Басқарушы компанияның немесе оның өкілдерінің үй-жайларында өтінім беретін пай ұстаушыларды ақпараттандыру арқылы хабарлауға міндетті;

6) Қордың Ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ақпарат осы өзгерістер мен толықтыруларды уәкілетті орган келіскеннен кейін Басқарушы компанияның корпоративтік интернет-ресурсына жарияланады;

7) Ережеде көзделген жағдайларда Қордың Ережесіне енгізілетін өзгерістер және (немесе) толықтыруларды уәкілетті орган келіскенін көрсетіп, Басқарушы компанияның корпоративтік интернет-ресурсында жариялағаннан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң күшіне енеді.

Егер Қордың Ережесіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген күнгі жағдай бойынша Қордың бірде-бір пайы орналастырылмаса, өзгерістер және (немесе) толықтырулар Ережеде көзделген жағдайларда оларды уәкілетті органмен келіскені көрсетілгенде Басқарушы компанияның корпоративтік интернет-ресурсында жариялаған күннен кейін күшіне енеді.

31. Пайды Басқарушы компанияның сенімгерлік басқаруындағы басқа ашық немесе интервалдық инвестициялық пай қорының пайына айырбастау талаптары. Қорды Басқарушы компания мен Кастодиан, сондай-ақ Тіркеушінің пайды айырбастау рәсімін жүргізу талаптары мен тәртібі

Осы Қордың пайын Басқарушы компанияның басқаруындағы басқа ашық немесе интервалдық қордың активтеріне айырбастау көзделмеген.

32. Заңда және Қордың Ережесінде белгіленген тәртіппен Қор туралы ақпарат жарияланатын бұқаралық ақпарат құралдары туралы мәліметтер

1) Қор туралы ақпарат (оның ішінде хабарламалар және (немесе) хабарлар және (немесе) ескертпелер) және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) осы Ережеге сәйкес Басқарушы компания пай ұстаушыларға жолдауға тиіс құжаттар мен мәліметтер, егер осы Ереженің тиісті тармақтарында өзгеше көзделмесе:

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сай баспасөз басылымында орналастыруға тиіс жағдайларды қоспағанда, Басқарушы компания осындай ақпаратты және (немесе) осындай құжаттаманың мәтінін Басқарушы компанияның корпоративтік интернет-ресурсында орналастырған сәттен бастап немесе

- пайды сатып алуға өтінімде немесе қайталама нарықта сатып алған пай ұстаушылар берген деректемелер туралы хабарламада пай ұстаушылар көрсеткен үйінің мекенжайы немесе орналасқан жері бойынша пай ұстаушыларға жолдау үшін Басқарушы компания пошта операторына аталған ақпаратты және (немесе) құжаттарды берген күннен бастап 5 (бесінші) жұмыс күні;

- пайды сатып алуға өтінімде немесе қайталама нарықта сатып алған пай ұстаушылар берген деректемелер туралы хабарламада пай ұстаушылар көрсеткен пай ұстаушылардың электрондық пошта мекенжайы бойынша аталған ақпаратты және (немесе) құжаттарды пай ұстаушыларға жолдаған күннен бастап 3 (үшінші) жұмыс күні Басқарушы компания тиісті түрде ұсынған және/немесе жолданған және пай ұстаушы алған болып саналады;

2) Басқарушы компанияның пай ұстаушылардан жоғарыда көрсетілген тәсілдермен ақпаратты және (немесе) құжаттарды алғаны туралы жазбаша немесе ауызша растауларды алуы талап етілмейді. Бұл ретте Басқарушы компания пай ұстаушыларға жоғарыда аталған тәсілдердің бірімен және сол жерде көрсетілген мерзімді сақтай отырып, ақпаратты және (немесе) құжаттаманы жолдағаннан кейін осы Ережеге сәйкес жасалуы (жалғасуы) пай ұстаушылардың қандай да бір ақпаратты және (немесе) құжаттаманы міндетті түрде алуымен байланысты барлық қажетті әрекетті жасауға құқылы.

33. Қордың пайын бастапқы орналастыруды бастау мерзімі және Қор активтерінің ең аз мөлшері

1) Қордың пайын бастапқы орналастыру Басқарушы компанияның Директорлар кеңесінің шешімімен анықталған күннен басталады және Қордың пайын бастапқы орналастыру басталған күннен бастап 3 (Үш) ай өткен соң немесе Қор заңнамада белгіленген активтердің ең аз мөлшеріне, атап айтқанда 50 000 (Елу мың) айлық есептік көрсеткішке қол жеткізген сәтте ертерек аяқталады. Басқарушы компания Қордың пайын орналастыру басталған күн туралы Уәкілетті органға, Кастодианға және Қорды Тіркеушіге орналастыру басталғанға дейін кем дегенде он жұмыс күні бұрын хабарлайды.

34. Дивиденд есептеу және төлеу тәртібі:

- 1) Таза кіріс болған кезде, Қорды Басқарушы компания Ережеде айқындалған тәртіппен және талаптарда дивиденд есептеуге және төлеуге құқылы.
- 2) Дивиденд төлеуге бөлінген ақшаның ең аз мөлшері Қордың таза кірісінің 1 (Бір) %-ын құрайды.
- 3) Дивиденд төлеу туралы шешім Басқарушы компания Басқармасының шешімімен ресімделеді және дивиденд алуға құқылы Қордың пай ұстаушылар тізілімі тіркелген күні және 1 (Бір) пайға шаққанда дивиденд мөлшері туралы мәліметтер қамтылады. Қордың пай ұстаушыларына дивиденд төлеу Басқарушы компанияның міндеті емес, құқығы.
- 4) Дивиденд алуға құқылы пай ұстаушылар тізілімі тіркелген күннен 10 (Он) жұмыс күн ішінде дивиденд төленеді.
- 5) Дивиденд пайдың номиналды құнының валютасында ақшалай нысанда төленеді.
- 6) Пай ұстаушыларға дивиденд Тіркеуші берген бағалы қағаздар бойынша сыйақы төлеу үшін бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімінде көрсетілген банктік деректемелер бойынша ақшалай нысанда төленеді. Бағалы қағаздар бойынша сыйақы төлеу үшін бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінде банктік деректемелері болмаған жағдайда, дивиденд Басқарушы компанияда бар пай ұстаушылардың сауалнамасында көрсетілген банктік деректемелер немесе пай ұстаушы ұсынған деректемелер бойынша төленеді.

- 7) Дивиденд алуға құқылы пай ұстаушыларға дивиденд сомасын банктік аударымы үшін комиссия Басқарушы компанияның есебінен төленеді.
- 8) Дивиденд сомасын Қордың пайына қайта инвестициялау көзделмеген.
- 9) Қордың пай ұстаушылары өздерінің банктік деректемелерінің және дербес шоттар мен қосалқы шоттардың деректемелерінің өзектілігі үшін жауапкершілікті көтереді. Банктік деректемелері өзгерген жағдайда, ұстаушылар бұл туралы Басқарушы компанияға хабарлауға және пай ұстаушының сауалнамасына өзгерістер енгізуге тиіс.
- 10) Дивидендті кезектен тыс төлеу туралы шешім Басқарушы компания Басқармасының шешімімен ресімделеді және дивиденд алуға құқылы Қордың пай ұстаушылары тізілімін тіркеу күні туралы мәлімет және 1 (Бір) пайға шаққанда дивиденд мөлшері туралы мәліметтер қамтылады.
- 11) Басқарушы компания Басқармасының шешімі пай ұстаушылар тізілімі тіркелген күннен күнтізбелік 5 (Бес) күн бұрын Компанияның корпоративтік интернет-ресурсында жарияланады.

### 35. Қайырымдылық жарнаны бекіту және төлеу тәртібі

- 1) Қордың Басқарушы компаниясы қайырымдылық мақсатқа жылына бір рет инвестициялық кірістен комиссиялық сыйақы сомасының 50%-ына дейін (осы төлем осы төлемнен кейін таза табыстың теріс мәніне әкеп соқпаса) төлеуге құқылы. Қайырымдылық жарнасын төлеу Басқарушы компанияның міндеті емес, құқығы;
- 2) Жарна мөлшері Қор Ережесінің № 12 қосымшасының 5-тармағына сәйкес есептеледі.
- 3) Қайырымдылық мақсаттарына төлем жасау міндеттемелері осы тармақтың 1) тармақшасының талаптары сақталған кезде есептік кезеңнің 31 желтоқсанындағы сағат 23:59:59 жағдай бойынша Қор активтерінің құрамында бекітіледі;
- 4) Қайырымдылық жарна Қордың мақсаттары мен Ережесіне сәйкес Қорды Басқарушы компания айқындаған коммерциялық емес ұйымның есептік шотына есептік кезең аяқталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күн ішінде Қордың Кастодианына ақша қаражатын аудару туралы бұйрық беру арқылы төленеді;
- 5) Қайырымдылық жарнаны төлеу туралы ақпарат қайырымдылық жарна төленген күннен бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күннің ішінде Басқарушы компанияның корпоративтік интернет-ресурсында жарияланады.
- 6) Қордың таза кірісі болмаған жағдайда, қайырымдылық жарнасы төленбейді.

**«BCC Invest» АҚ  
Басқарма Төрағасы**

**Шаяхметов Д.Н.**

**«Wardat al Hayat» интервалдық инвестициялық пай қорының**

**ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ**

1. Қорды Басқарушы компанияның толық атауы мен орналасқан жері:
  - 1) Қорды Басқарушы компанияның толық ресми атауы: «ВСС Invest» акционерлік қоғамы – «Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы;
  - 2) Басқарушы компанияның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, А05G1D2, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Панфилов к-сі, 98;
  - 3) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқарушы компанияның инвестициялық портфельді басқару қызметін жүзеге асыруға берген 10.07.2018 жылғы №3.2.235/12 лицензиясы, оған қызметтің мына түрі кіреді: ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығынсыз инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызмет.
  
2. Қор Кастодианының толық атауы мен орналасқан жері, оның құқықтары мен міндеттері:
  - 1) Кастодианның толық ресми атауы: «Еуразиялық Банк» АҚ;
  - 2) Кастодианның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қ., Қонаев к-сі, 56;
  - 3) Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің банк және өзге операцияларды және бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыруға берген 03.02.2020 жылғы № 1.2.68/242/40 лицензиясы.
  
3. Қордың пай ұстаушыларының тізілімдері жүйесін жүргізетін Тіркеушінің атауы мен орналасқан жері, оның құқықтары мен міндеттері:
  - 1) Тіркеушінің толық ресми атауы: «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» акционерлік қоғамы;
  - 2) Тіркеушінің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Сәтбаев к-сі, 30/8, 163-тұрғын емес үй-жай;
  - 3) Тіркеуші өз қызметін ҚР ҰБ-ның «Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 29.10.2018 жылғы қаулысына сәйкес жүзеге асырады.
  
4. Қорды Басқарушы компания мен Кастодианға аудит жүргізетін аудиторлық ұйымдардың толық атауы. Басқарушы компанияға аудит жүргізетін аудиторлық ұйым туралы ақпарат (бұдан әрі – Аудитор):
  - 1) Аудитордың толық ресми атауы: «КПМГ Аудит» ЖШС;
  - 2) Аудитордың орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, А25D6T5, Алматы қ., Достық даңғылы, 180, «Көктем» бизнес-орталығы;
  - 3) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі аудиторлық қызметті жүзеге асыруға берген 2006 жылғы 6 желтоқсандағы № 0000021 мемлекеттік лицензиясы.

Кастодианға аудит жүргізетін аудиторлық ұйым туралы ақпарат (бұдан әрі – Кастодиан Аудиторы):

  - 1) Кастодиан Аудиторының толық ресми атауы: «Эрнст энд Янг» ЖШС;
  - 2) Кастодиан Аудиторының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, А17А6Е8, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Esentai Tower» бизнес-орталығы;
  - 3) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлық қызметпен айналысуға берген 2005 жылғы 15 шілдедегі сериясы МФЮ-2, N9 0000003 мемлекеттік лицензиясы.
  
5. Инвестициялық қор активтерін есепке алу және олардың құнын айқындау тәртібі
  - 1) Қор активтерінің құнын, Қордың таза активтерін, Қор пайының есептік құнын есепке алу және айқындау Қазақстан Республикасының «Инвестициялық және венчурлік қорлар туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Заңына, сондай-ақ уәкілетті орган бекіткен «Инвестициялық қор активтерінің, инвестициялық қордың таза

активтерінің құнын, инвестициялық пай қоры пайының есептік құнын және акционерлік инвестициялық қор акциясын сатып алу бағасын айқындау қағидаларына, талаптарына және әдістемесіне» сәйкес ұлттық валютада жүргізіледі. Инвестициялық қор активтерінің құнын, инвестициялық қордың таза активтерін, Қордың пайының есептік құнын анықтау тәртібі осы тармақта айқындалған. Қазақстан Республикасының заңнамасымен инвестициялық Қор активтерінің құнын, инвестициялық Қордың таза активтерін, Қордың пайының есептік құнын анықтаудың және есепке алудың өзге тәртібі белгіленсе, Басқарушы компания Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес әрекет етеді.

- 2) Қор активтерін есепке алу және сақтау мақсатында, сондай-ақ Қордың активтерін сенімгерлік басқаруға байланысты операциялар бойынша есептесу үшін, Басқарушы компания Кастодианда Қордың шоттарын ашады, бұл ретте шоттарды Басқарушы компания сенімгерлік басқаратынын көрсетеді. Қорды Басқарушы компания мен Кастодианы Қордың активтері мен меншікті активтер бойынша бөлек есеп жүргізеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және Ережеге сәйкес олар бойынша қаржылық және өзге есептілікті ұсынады.
  - 3) Басқарушы компания Кастодианмен бірге Қордың таза активтерінің құнын, Қор пайының есептік құнын және алдыңғы операциялық күнгі Қордың портфеліндегі қаржы құралдары бойынша есептелген инвестициялық кірісті күнделікті ауызша салыстырады.
  - 4) Басқарушы компания мен Кастодиан ай сайынғы негізде Қор активтерінің құрылымы мен ағымдағы құны, Қор міндеттемелерінің құны, таза активтердің құны, пайдың есептік құны және есептелген инвестициялық кіріс сомасы туралы салыстыру актісін қалыптастырады.
  - 5) Инвестициялық қордың активтерін құрайтын және қор биржасының тізіміне кіретін қаржы құралдары қор биржасының бағалы қағаздарды бағалау әдістемесіне сәйкес не Bloomberg (Блумберг) немесе Reuters (Рейтер) ақпараттық-сараптамалық жүйелердің деректері бойынша нарықтық немесе индикативтік баға бойынша бағаланады.
  - 6) Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған қаржы құралы Bloomberg (Блумберг) немесе Reuters (Рейтер) ақпараттық-сараптамалық жүйелердің деректері бойынша бағаланатын сауда күнін жабу бағасы бойынша жұмыс күнінің соңында бағаланады.
  - 7) Бағалау қор биржасының бағалы қағаздарды бағалау әдістемесінде және Ережеде көзделмеген борыштық бағалы қағаздардың әділ құны ағымдағы аптаның бірінші жұмыс күнінің соңында апта сайын амортизациялық құны бойынша есепке алу арқылы айқындалады.
  - 8) Қазақстан Республикасының аумағында айналымдағы, Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған Қазақстан Республикасының бейрезидент-эмитенттерінің борыштық бағалы қағаздарын Қазақстан Республикасының Үкіметі осы бағалы қағаздар эмитентімен жасасқан келісімдердің аясында бағалау сатып алу құны бойынша жүргізіледі.
  - 9) Құны шетел валютасымен көрсетілген инвестициялық қордың активтерін бағалау инвестициялық қор активтерінің құнын анықтаған күні валюта айырбастаған нарықтық бағам бойынша жүргізіледі.
  - 10) Қордың таза активтерінің құны оның активтерінің құны мен Қор активтерінің есебінен орындалуға тиіс міндеттемелердің арасындағы айырма ретінде айқындалады. Инвестициялық пай қорының пайының есептік құны Тіркеушінің деректеріне сай сол күні айналымда болған пай санына осы құнды бөлу арқылы Қордың таза активтерінің құны анықталған күнмен айқындалады.
6. Инвестициялық қордың активтері есебінен төленуге тиіс, Басқарушы компанияға, Кастодиан мен өзге де тұлғаларға төленетін шығыс пен сыйақы түрлері, оларды айқындау тәртібі және олардың ең жоғары мөлшерлері.
- 1) Басқарушы компанияның комиссиялық сыйақысы сенімгерлік басқару шартында айқындалған тәртіппен Қор активтерінің есебінен төленеді;
  - 2) кастодиан қызметін көрсету, пай ұстаушылар тізілімін жүргізу және аудиторлық қызмет көрсету шарттарына сай Кастодианға, Тіркеушіге және Қордың Аудиторына комиссиялық сыйақы Қор активтерінің есебінен төленеді;
  - 3) Кастодианға, Тіркеушіге және Аудиторға сыйақы тиісті шарттарда айқындалған талаптарда және тәртіппен төленеді. Аталған тұлғаларға төленетін сыйақының жиынтық көлемі Қор активтерінің орташа жылдық құнының 3 (Үш) %-ынан көп бола алмайды.
  - 4) Қорды сенімгерлік басқаруға байланысты шығыс, оның ішінде:
    - Қорды құрайтын активтермен мәмілелер жасасуға;

- Қорды құрайтын активтердің қамтылуына;
  - заң қызметінің ақысын төлеуге байланысты шығыс, сондай-ақ Қордың атынан сот талқылауына байланысты шеккен шығыс;
  - Қорды құрайтын активтерді тиісті сақтандыру бойынша және Қорды құрайтын активтермен жүргізілетін операциялар бойынша соманы төлеуге байланысты шығыс;
  - Қор активтеріне салынуы мүмкін немесе Қор активтерінің есебінен төленуі мүмкін Қазақстан Республикасының салығы немесе Қазақстан Республикасының салық заңнамасы өзгерген кезде болашақта туындауы мүмкін кез келген басқа салық;
  - баспа жұмыстары мен жарнама қызметінің құнын өтеуге байланысты шығыс;
  - Қордың банктік шотын жүргізу шарты бойынша банктің комиссиясын төлеуге байланысты шығыс;
  - бағалы қағаздар нарығы туралы заңнаманың талаптарына және Қор Ережесіне сәйкес Қор туралы ақпаратты ашуға байланысты шығыс;
  - Басқарушы компания өкілдерінің пайды орналастыру қызметінің ақысын төлеуге байланысты шығыс (ондай болған кезде);
  - Қордың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін тұлғаларға сыйақы төлеуге байланысты шығыс;
  - Қордың жұмыс істеуіне байланысты өзге шығыс пен салық Қорды құрайтын активтердің есебінен өтеледі.
- 5) Қордың жұмыс істеуін қамтамасыз етуге байланысты оның активтерінің есебінен өтелетін Басқарушы компанияның шығысының ең жоғары мөлшері таза активтердің орташа жылдық құнының 3 (Үш) %-ынан артық бола алмайды, оған және Қор активтерін сату нәтижесінде алынған ақша сомасынан 5 (Бес) %-ынан аспайтын Қордың жұмыс істеуінің тоқтатылуына байланысты шығыс қосылмайды.
- 6) Қордың пайын бастапқы орналастырған кезеңде Басқарушы компанияға сыйақы есептеледі, бірақ төленбейді.
- 7) Қор жұмыс істеуін қамтамасыз етуге байланысты осы кезеңдегі шығын мен сыйақы, оның ішінде Кастодиан мен Тіркеушінің қызмет ақысы кейіннен Қор активтерінің есебінен оның шығынын өтеп, Басқарушы компанияның меншікті қаражатының есебінен төленеді;
- 8) Бастапқы орналастыру мерзімі аяқталғанға дейін немесе пайды бастапқы орналастыру аяқталғаннан кейін ең аз мөлшері бойынша таза активтерінің құнының сәйкес келмеуінен Қордың қызметі тоқтатылған жағдайда, Басқарушы компания Қордың пайын бастапқы орналастыру кезеңінде болған шығынды өтеу бойынша шығын тәуекелін өзіне қабылдайды;
- 9) Қор Кастодианы Басқарушы компанияның бұйрығымен сыйақы мен шығысты аударады. Қор Кастодианы көрсетілген соманың дұрыс есептелуін қадағалайды.
7. Таза кірісті бөлу тәртібін және дивиденд төлеуге жіберілетін ақшаның ең аз мөлшерін қоса алғанда, дивиденд саясаты
- 1) Таза кіріс болған кезде, Қорды Басқарушы компания Ережеде айқындалған тәртіппен және талаптарда дивиденд есептеуге және төлеуге құқылы.
  - 2) Дивиденд төлеуге бөлінген ақшаның ең аз мөлшері Қордың таза кірісінің 1 (Бір) %-ын құрайды.
  - 3) Дивиденд төлеу туралы шешім Басқарушы компания Басқармасының шешімімен ресімделеді және дивиденд алуға құқылы Қордың пай ұстаушылар тізілімі тіркелген күні және 1 (Бір) пайға шаққанда дивиденд мөлшері туралы мәліметтер қамтылады. Қордың пай ұстаушыларына дивиденд төлеу Басқарушы компанияның міндеті емес, құқығы.
  - 4) Дивиденд алуға құқылы пай ұстаушылар тізілімі тіркелген күннен 10 (он) жұмыс күн ішінде дивиденд төленеді.
  - 5) Дивиденд пайдың номиналды құнының валютасында ақшалай нысанда төленеді.
  - 6) Пай ұстаушыларға дивиденд Тіркеуші берген бағалы қағаздар бойынша сыйақы төлеу үшін бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімінде көрсетілген банктік деректемелер бойынша ақшалай нысанда төленеді. Бағалы қағаздар бойынша сыйақы төлеу үшін бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінде банктік деректемелері болмаған жағдайда, дивиденд Басқарушы компанияда бар пай ұстаушылардың сауалнамасында көрсетілген банктік деректемелер немесе пай ұстаушы ұсынған деректемелер бойынша төленеді;

- 7) Дивиденд алуға құқылы пай ұстаушыларға дивиденд сомасын банктік аударымы үшін комиссия Басқарушы компанияның есебінен төленеді;
  - 8) Дивиденд сомасын Қордың пайына қайта инвестициялау көзделмеген;
  - 9) Қордың пай ұстаушылары өздерінің банктік деректемелерінің және дербес шоттар мен қосалқы шоттардың деректемелерінің өзектілігі үшін жауапкершілікті көтереді. Банктік деректемелері өзгерген жағдайда, ұстаушылар бұл туралы Басқарушы компанияға хабарлауға және пай ұстаушының сауалнамасына өзгерістер енгізуге тиіс.
  - 10) Дивидендті кезектен тыс төлеу туралы шешім Басқарушы компания Басқармасының шешімімен ресімделеді және дивиденд алуға құқылы Қордың пай ұстаушылары тізілімін тіркеу күні туралы мәлімет және 1 (Бір) пайға шаққанда дивиденд мөлшері туралы мәліметтер қамтылады.
  - 11) Басқарушы компания Басқармасының шешімі пай ұстаушылар тізілімі тіркелген күннен күнтізбелік 5 (Бес) күн бұрын Компанияның корпоративтік интернет-ресурсында жарияланады.
  - 12) Қордың Басқарушы компаниясы қайырымдылық мақсатқа таза кірістің бөлігін төлеуге (осы төлем осы төлемнен кейін таза табыстың теріс мәніне әкеп соқпаса) құқылы. Қайырымдылық жарнасын төлеу Басқарушы компанияның міндеті емес, құқығы;
  - 13) осы тармақтың 10) тармақшасының талаптары сақталған кезде, қайырымдылық мақсатқа төлем бойынша міндеттемелер есептік кезеңнің 31 желтоқсанындағы сағат 23:59:59 жағдай бойынша Қор активтерінің құрамында тіркеледі;
  - 14) Қайырымдылық жарнасы Қордың мақсаттары мен Ережесіне сәйкес есептік кезең аяқталған күннен бастап 14 (он төрт) жұмыс күні ішінде Қордың Кастодианына ақша қаражатын аудару туралы бұйрық беру арқылы Қордың Басқарушы компаниясының Шешімінде айқындалған коммерциялық емес ұйымның есеп шотына төленеді;
  - 15) Қайырымдылық жарнасын төлеу туралы ақпарат қайырымдылық жарнасы төленген күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннің ішінде Басқарушы компанияның корпоративтік интернет-ресурсында жарияланады;
  - 16) Қордың таза кірісі болмаған жағдайда қайырымдылық жарнасы төленбейді.
8. Қордың инвестициялық саясатының мақсаттары мен міндеттері
- 1) Қордың инвестициялық саясатының мақсаттары:
    - Қор Активтерінің құнының өсуі;
    - Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және осы декларацияда айқындалған талаптар мен лимиттердің аясында Қор активтерін барынша өтімділігін қамтамасыз ете отырып, Қор активтері бойынша кірістілікті арттыру.
  - 2) Қордың инвестициялық саясатының міндеттері:
    - исламдық қаржыландыру принциптеріне сәйкес келетін инвестициялық құралдардың барынша кең шоғырын пайдалану;
    - тәуекел-кірістіліктің оңтайлы қатынасын қамтамасыз ету үшін Қор активтерінің құрылымын қалыптастыру және қолдау;
    - пай ұстаушылар үшін Қордың инвестициялық қызметі бойынша ыңғайлы, қарапайым және толық есептілік.
9. Инвестициялау объектілерінің тізбесі. Мәміле түрлері, Қор активтерін инвестициялау талаптары мен лимиттері
- 1) Қор активтерінің құрамына қаржы құралдары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында тыйым салынбаған және исламдық қаржыландыру принциптеріне қайшы келмейтін интервалдық инвестициялық пай қорлары активтерінің құрамына сатып алуға тыйым салынбаған өзге активтер кіреді;
  - 2) Қор қаражатының есебінен жасалатын мәміле түрлері:
    - ұйымдастырылған нарықта бағалы қағаздарды сатып алу/сату;
    - ұйымдастырылмаған нарықта бағалы қағаздарды сатып алу/сату;
    - бірінші нарықта бағалы қағаздарды сатып алу;
    - туынды қаржы құралдарын сатып алу/сату;

- тазартылған бағалы металды сатып алу/сату;
- мемлекеттік сукук шығарылымдары;
- корпоративтік сукук шығарылымдары;
- халықаралық қаржы ұйымдарының сукук шығарылымдары;
- бағалы қағаздарды айырбастау.

3) Қордың активтері инвестициялаудың тиісті лимиттері бар мынадай инвестициялық объектілерге инвестицияланады:

**Тиісті инвестициялық лимиттері бар инвестициялық объектілердің тізбесі**

№	Қаржы құралының атауы	Қордың таза активтерінің құнынан инвестиция лимиті
1.	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары (оның ішінде шет мемлекеттердің заңнамасына сәйкес эмиссияланған), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен шығарылған исламдық қаржыландыру принциптеріне қайшы келмейтін бағалы қағаздар	100%-ға дейін
2.	Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған, Қор биржасының ресми тізіміне енгізілген және (немесе) «Астана» халықаралық қаржы орталығының аумағында қызметті жүзеге асыратын қор биржасында жария сауда-саттыққа жіберілген, исламдық қаржыландыру принциптеріне қайшы келмейтін облигациялар	50%-ға дейін
3.	«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы және оның үлестес тұлғалары шығарған исламдық қаржыландыру принциптеріне қайшы келмейтін борыштық бағалы қағаздар	100%-ға дейін
4.	«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы және оның үлестес тұлғалары шығарған исламдық қаржыландыру принциптеріне қайшы келмейтін борыштық бағалы қағаздар	100%-ға дейін
5.	Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған мемлекеттік емес бағалы қағаздар: Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B-" деңгейінен төмен емес рейтингі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осындай деңгейдегі рейтинг бағасы немесе Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) ұлттық шкаласы бойынша "kzBB-" деңгейінен төмен емес рейтинг бағасы немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің ұлттық шкаласы бойынша ұқсас деңгейдегі рейтингі бар эмитенттердің акциялары және (немесе) қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, қор биржасының ресми тізімінің "акциялар" секторларының талаптарына сәйкес келетін эмитенттердің акциялары және (немесе) "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында қызметті жүзеге асыратын қор биржасында жария сауда-саттыққа жіберілген эмитенттердің акциялары; Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша рейтингі "B-" деңгейінен төмен емес немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осындай деңгейдегі рейтинг бағасы немесе Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) ұлттық шкаласы бойынша "kzBB-" деңгейінен төмен емес рейтинг бағасы	100%-ға дейін

	<p>немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің ұлттық шкаласы бойынша ұқсас деңгейдегі рейтингі бар борыштық бағалы қағаздар немесе қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, қор биржасының ресми тізімінің "борыштық бағалы қағаздар" секторларының талаптарына сәйкес келетін борыштық бағалы қағаздар және (немесе) номиналы шетел валютасында және "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында қызметті жүзеге асыратын қор биржасында жария сауда-саттыққа жіберілген борыштық бағалы қағаздар;</p> <p>қор биржасының ресми тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасы ұйымдарының инфрақұрылымдық облигациялары және (немесе) "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында қызметті жүзеге асыратын қор биржасында жария сауда-саттыққа жіберілген Қазақстан Республикасы ұйымдарының инфрақұрылымдық облигациялары;</p> <p>басқарушы компаниясы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған, заңды тұлға болып табылатын интервалдық инвестициялық пай қорларының (басқарушы компаниясы активтері есебінен осы пайлар сатып алынатын инвестициялық пай қорларының басқарушы компаниясы болып табылатын инвестициялық пай қорларын қоспағанда), қор биржасының ресми тізіміне енгізілген және (немесе) "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында қызметті жүзеге асыратын қор биржасында жария сауда-саттыққа жіберілген пайлары;</p> <p>осы эмитенттің бұрын шығарылған бағалы қағаздарына не өзге міндеттемелеріне айырбастау мақсатында эмитент міндеттемелерін қайта құрылымдау аясында шығарылған бағалы қағаздар.</p> <p>Осы тармақта аталған бағалы қағаздар исламдық қаржыландыру принциптеріне қайшы келмеуге тиіс.</p>	
6.	<p>Morningstar (Морнингстар) рейтинг агенттігінің «3 жұлдыздан» төмен емес рейтинг бағасы бар Exchange Traded Funds (ETF) (Эксчейндж Трэйдэд Фандс), Exchange Traded Commodities (ETC) (Эксчейндж Трэйдэд Коммодитис), Exchange Traded Notes (ETN) (Эксчейндж Трэйдэд Ноутс) исламдық қаржыландыру принциптеріне қайшы келмейтін пайы</p>	100%-ға дейін
7.	<p>Базалық активі осы тармақтың 5, 12, 13-жолдарында аталған акциялар болып табылатын не базалық активі Standard &amp; Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша рейтингісі "B-" деңгейінен төмен емес немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осындай деңгейдегі рейтинг бағасы бар эмитенттердің бағалы қағаздары болып табылатын, исламдық қаржыландыру принциптеріне қайшы келмейтін депозитарлық қолхаттар</p>	100%-ға дейін
8.	<p>Standard &amp; Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB-" деңгейінен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар, исламдық қаржыландыру принциптеріне қайшы келмейтін бағалы қағаздар</p>	100%-ға дейін
9.	<p>Ақша қаражаты</p>	100%-ға дейін

10.	<p>Лондон қымбат металдар нарығының қауымдастығы (London bullion market association) (Лондон биллион маркет асоциэйшн) қабылдаған халықаралық сапа стандартына сәйкес келетін және осы қауымдастықтың құжаттарында Лондондық сапалы жеткізілім (London good delivery) («Лондон гуд деливери») стандарты ретінде белгіленген тазартылған қымбат металдар мен он екі айдан аспайтын мерзімі бар металл депозиттері, оның ішінде Standard &amp; Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "А-" деңгейінен төмен емес рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтинг бағасы бар Қазақстан Республикасының бейрезидент банктеріндегі металл депозиттер</p>	50%-ға дейін
11.	<p>Төмендегі халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздар:  Азия даму банкі;  Африка даму банкі;  Халықаралық есеп айырысу банкі;  Еуразиялық даму банкі;  Еуропалық инвестициялық банкі;  Еуропалық қайта құру және даму банкі;  Ислам даму банкі;  Америкааралық даму банкі;  Халықаралық қайта құру және даму банкі;  Халықаралық қаржы корпорациясы.</p> <p>Осы тармақта аталған бағалы қағаздар исламдық қаржыландыру принциптеріне қайшы келмеуге тиіс.</p>	100%-ға дейін
12.	<p>Шетел ұйымдары шығарған мемлекеттік емес бағалы қағаздар: Standard &amp; Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB-" деңгейінен төмен емес рейтинг бағасы немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтинг бағасы бар борыштық бағалы қағаздар және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасымен танылатын, шетел аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізіміне енгізілген борыштық бағалы қағаздар; Standard &amp; Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB-" деңгейінен төмен емес рейтинг бағасы немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтинг бағасы бар, шетел ұйымдары шығарған акциялар және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасымен танылатын, шетел аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізіміне енгізілген акциялар.</p> <p>Осы тармақта аталған бағалы қағаздар исламдық қаржыландыру принциптеріне қайшы келмеуге тиіс.</p>	100%-ға дейін
13.	<p>Қазақстан Республикасының резиденттері деп танылған шетелдік ұйымдар шығарған, Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, исламдық қаржыландыру принциптеріне қайшы келмейтін, исламдық қаржыландыру принциптеріне қайшы келмейтін мемлекеттік емес бағалы қағаздар</p>	100%-ға дейін
14.	<p>Standard &amp; Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "А-" деңгейінен төмен емес рейтинг бағасы немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтинг бағасы бар ұйымдар шығарған Principal protected notes (Принципл протектед ноутс), ол мына талаптардың біріне сәйкес келеді:</p>	50%-ға дейін

	айналым мерзімі бес жылдан аспайды; principal protected notes (принципл протектед ноутс) шығарылым талаптарымен қандай да бір мемлекеттің, эмитенттің өз міндеттемелері бойынша дефолт жағдайы көзделмеген. Осы тармақта аталған бағалы қағаздар исламдық қаржыландыру принциптеріне қайшы келмеуге тиіс.	
15.	Активтерінің құрылымы негізгі қор индекстерінің бірінің құрылымын қайталайтын Exchange Traded Funds (ETF) (Эксчейндж Трэйдэд Фандс) пайы немесе исламдық қаржыландыру принциптеріне қайшы келмейтін негізгі қор индекстеріне байланыстырылған пайы бойынша баға белгілеу	100%-ға дейін

- Қор активтерінің есебінен қаржы құралдарына (Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары мен ақшадан басқа) салынатын, бір тұлға және оның үлестес тұлғалары шығарған (берген) инвестициялардың жиынтық мөлшері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және уәкілетті органның актілерінде белгіленген мөлшерден аспауға тиіс;
- Қор активтері есебінен бөлек қаржы құралына инвестициялар оларды сатып алуға уәкілетті органның келісімін алуды талап ететін сомадан аз болуға тиіс.

#### 10. Қор активтерін хеджирлеу және әртараптандыру талаптары

- 1) Туынды қаржы құралдарын тәуекелдерді хеджирлеу үшін пайдалану көзделмеген.
- 2) Қор активтерін әртараптандырудың мақсаты – эмитенттер мен қаржы құралдарының, сондай-ақ елдік және салалық тәуекелдің жүйесіз тән тәуекелін азайту.
- 3) Қор активтерін әртараптандыру инвестициялау лимиттерін, оның ішінде:
  - қаржы құралдарының кластары (түрлері) бойынша;
  - елдер (аймақтар) бойынша;
  - экономика салалары (секторлары) бойынша;
  - бір тұлға және оның үлестес тұлғалары шығарған (берген) қаржы құралдарына салынатын инвестициялардың жиынтық мөлшері бойынша;
  - валюталар бойынша белгілеуден және сақталуын қадағалаудан тұрады.
- 4) Басқарушы компания белгілеген инвестициялау лимиттері «Инвестициялық және венчурлік қорлар туралы» заңда, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде және осы Инвестициялық декларацияда белгіленген талаптарға қайшы келмеуге тиіс.

#### 11. Инвестициялық декларацияда айқындалған объектілерге инвестициялауға байланысты тәуекел сипаттамасы, сондай-ақ оларды азайтуға бағытталған іс-шаралар

- 1) Қаржы құралдарына инвестициялау тәуекел сипатына ие. Басқаруға берілген Активтердің құны оның бастапқы құнынан кем болу тәуекелі бар. Басқарушы компания осы тәуекелді азайту үшін өзіне байланысты барлық әрекетті жасауға міндеттенеді.
- 2) Басқарушы компанияның бұрынғы қызмет нәтижесі болашақта Қордың кірісінің кепілі болып табылмайды және инвестор Қордың пайын сатып алу туралы шешімді Қор Ережесімен және оның инвестициялық декларациясымен танысқаннан кейін өз бетінше қабылдайды.
- 3) Қаржы құралдарына инвестициялау тәуекеліне мына тәуекел қосылады, бірақ онымен шектелмейді:
  - саяси жағдайдың өзгеруіне, экспроприацияға, ұлттандыруға, экономиканың салаларында инвестицияларды шектеуге бағытталған, ерекше мемлекеттік мүдделер саласына жататын саясаттың жүргізілуіне, энергетикалық ресурстарға бағаның түсуіне байланысты саяси және экономикалық тәуекел;
  - қаржы институттарының өз міндеттемелерін орындау қабілетсіздігіне байланысты жүйелі тәуекел. Жүйелі тәуекелге, атап айтқанда, банк жүйесінің тәуекелі жатады;
  - валюта бағамдарының, қаржы құралдарының (акциялардың, облигациялардың және т.б.) ауытқуына байланысты нарықтық тәуекел;
  - бағалы қағаздар эмитенттерінің және мәмілелер бойынша контрагенттердің тарапынан өздеріне қабылдаған міндеттемелерді орындамау мүмкіндігімен байланысты кредит тәуекелі;

- активтерді жақсы бағамен өткізудің ықтимал мүмкін болмауына байланысты нарықтық өтімділік тәуекелі;
  - қолданыстағы заңнаманың болжанбайтын өзгерістерімен, сондай-ақ заңдар мен өзге нормативтік құжаттардың шала болуына байланысты реттеушілік тәуекел;
  - үшінші тұлғалардың тарапынан мүлікке және мүліктік құқықтарға қатысты құқықтық қабілетсіздік әрекеттерінің тәуекелі;
  - табиғат апаттары, әскери қимылдар мен қисынды бақылаудан тыс өзге міндеттемелер сияқты форс-мажор жағдайларының басталу тәуекелі;
  - операциялық тәуекел;
  - нақты сектор салаларының ерекшеліктеріне байланысты салалық тәуекел.
- 4) Қор активтерін осы Инвестициялық декларацияда көрсетілген объектілерге инвестициялауға байланысты тәуекелді азайтуға бағытталған іс-шаралар:
- Басқарушы компанияның ішкі құжаттарына сәйкес тәуекелді басқару жүйесінің болуы және жұмыс істеуі;
  - эмитенттердің және қаржы құралдарының жүйесіз тән тәуекелін, сондай-ақ елдік және салалық тәуекелді азайту үшін Қор активтерін әртараптандыру;
  - Қор активтерінің оңтайлы құрылымын қолдау үшін инвестициялық лимиттер белгілеу, күтілетін кірістілік пен тәуекелдің арасындағы оңтайлы тепе-тендікті қамтамасыз ету;
  - Қор активтерінің бөлігі ретінде сатып алынған қаржы құралдары бойынша «stop loss» және «take profit» лимиттерін белгілеу;
  - Қорды инвестициялық басқару барысында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, Қордың инвестициялық декларациясында және Қорды Басқарушы компанияда белгіленген инвестициялық лимиттерді бұзудың алдын алу және жою бойынша мониторинг жүргізу және шаралар қабылдау;
  - Басқарушы компанияның ішкі құжаттарына сәйкес Қор портфелінің инвестициялық тәуекелдерін хеджирлеу;
  - Басқарушы компанияның ішкі құжаттарына сәйкес тәуекелді басқару жүйесінде көзделген тәуекелді азайтуға бағытталған басқа да шаралар.

## 12. Инвестициялық саясат бойынша Заңда және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген шектеулер

- 1) Қор активтерін тек қаржы құралдары және исламдық қаржыландыру принциптеріне қайшы келмейтін құралдар құрайды.
- 2) Қазақстан Республикасының аумағынан тыс инвестициялар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген талаптарда және тәртіппен Қор активтерін құрайды.
- 3) Инвестициялық қор активтерінің құрамында:
  - Қорды Басқарушы компанияның басқаруындағы инвестициялық қорлар шығарған акциялар немесе пай;
  - Басқарушы компания шығарған (ұсынған) активтер;
  - акциялар мен коммерциялық емес ұйымдарға қатысу үлестері;
  - Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарын және Қазақстан Республикасының қаржы агенттіктерінің агенттік облигацияларын қоспағанда, бір заңды тұлғаның бір түрдегі, жалпы санының он бес және одан көп пайызы мөлшеріндегі қаржы құралдары болмауға тиіс.

**«Wardat al Hayat» интервалдық инвестициялық пай қорының  
активтерін сенімгерлік басқару шарты**

Бұдан әрі «Басқарушы компания» деп аталатын, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Уәкілетті орган) Басқарушы компанияның инвестициялық портфельді басқару қызметін (оған қызметтің мына түрі кіреді: ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығынсыз инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызмет) жүзеге асыруға берген 10.07.2018 жылғы №3.2.235/12 лицензиясының негізінде әрекет ететін «**BCC Invest» АҚ** (2006 жылғы 26 маусымдағы №56185-1910-АО заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлік) атынан Жарғының негізінде әрекет ететін Басқарма Төрағасы Шаяхметов Д.Н. бір тараптан және «**BCC Invest» АҚ** басқаратын «**Wardat al Hayat»** интервалды инвестициялық пай қорының пайын сатып алуға өтінім беру арқылы Шартқа қосылатын **Пай ұстаушы** екінші тараптан, бұдан әрі бірге «**Тараптар**» және жеке жоғарыда аталғандай немесе «**Тарап**» аталып, төмендегілер туралы осы «**Wardat al Hayat»** интервалды инвестициялық пай қорының (бұдан әрі – Қор) активтерін сенімгерлік басқару туралы шартты жасасты:

**1. Терминдер мен анықтамалар:**

- *Қор активтері* – Қор активтерін құрайтын қаржы құралдарының, ақша мен өзге мүліктің алуан түрлі түрлерінің жиынтығы;
- *кастодиан* – пай ұстаушылардың қаржы құралдары мен ақшасын есепке алатын, сақтайтын және олар бойынша құқықты растайтын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы;
- *пай* – Қор Активтерінде меншік иесінің үлесін растайтын құжатсыз нысанда шығарылған атаулы эмиссиялық бағалы қағаз;
- *Пай ұстаушы* – Қордың пай ұстаушылары тізілімдері жүйесінде немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде дербес шоты бар және Қордың пайы бойынша құқықтары бар тұлға;
- *Қордың Ережесі* – Қорды құру, жұмыс істеу және жұмысын тоқтату мақсаттарын, талаптарын, тәртібін айқындайтын құжат;
- *тіркеуші* – Қордың пай ұстаушылары тізілімдері жүйесін қалыптастыратын, сақтайтын және жүргізетін «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ;
- *пайдың есептік құны* – қордың таза активтерінің құнын айналымдағы үлестерінің санына бөлу арқылы анықталатын пай құнының ақшалай нысаны;
- *қаржы құралы* – Қазақстан Республикасының және шетел мемлекеттерінің аумағында айналымға рұқсат етілген бағалы қағаздар (туынды бағалы қағаздарды қоса алғанда) және қаржы нарығының өзге активтері;
- *Қор* – «Wardat al Hayat» интервалдық инвестициялық пай қоры (пай ұстаушыларға ортақ үлестік меншік құқығында тиесілі және Басқарушы компанияның басқаруындағы пайдың, сондай-ақ инвестициялау нәтижесінде сатып алынған өзге активтердің ақысын төлеу үшін алынған ақша жиынтығы).

**2. Шарттың мәні**

- 2.1. Осы Шартпен пай ұстаушылар өткізеді, ал Басқарушы компания пай ұстаушылардың сатып алынған пайы үшін ақы ретінде салынған ақшасын басқа пай ұстаушылардың ақшасымен «Wardat al Hayat» интервалды инвестициялық пай қорына біріктіру және Қордың Ережесіне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сай оны кейіннен инвестициялау мақсатында сенімгерлік басқаруға қабылдайды.
- 2.2. Қор активтері ортақ үлестік меншік құқығында пай ұстаушыларға тиесілі.
- 2.3. Қор Активтеріне ортақ үлестік меншік құқығындағы пай ұстаушылардың үлестері Басқарушы компания шығарған паймен куәландырылады. Пай ұстаушылардың Активтерін (пай ұстаушылардың үлестерін) Қор активтерінен заттай бөліп алуға жол берілмейді.
